

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

К. Г. Ахметов, профессор, А. С. Файзуллина, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада Батыс Қазақстан облысының қазіргі таңдағы ақпараттандырылу жағдайы, соған сәйкес жасалып жатырған жұмыс нәтижесі көрсетілген. Сонымен қатар облыстағы ақпараттық-коммуникациялық техниканың жағдайы қарастырылып, оған талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде облыстың электронды үкіметті еңгізуге дайындық жағдайы анықталды.


В статье рассматривается состояние информатизации Западно-Казахстанской области, а так же меры проводимые для достижения ожидаемых результатов. Проводился анализ информационно-коммуникационной техники региона. В результате исследований вывелся уровень подготовки области к внедрению электронного правительства.

The condition to informatizations of West-Kazakhstan region and the same measures conducted for achievement of expected results are considered in the article. The analysis of information-communication technology of the region was conducted and as a result of studies they was defined the level of the area preparing to introduction of electronic government.

Қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысында жергілікті атқарушы органдардың ақпараттандырылу жағдайын бағалай отырып, облыс басқармасымен мемлекеттік құрылымдарды ақпараттандыруды көтеру бойынша нақты жұмыс көлемі жасалғанын атап кету керек.

IC

компьютерлік техникамен жабдықталуы




1-сурет Батыс Қазақстан облысында департаменттер мен басқармалардың компьютерлік техникамен жабдықталу динамикасы (2004-2007 ж.)

Сондай-ақ облыс әкімшілігі локальды есептеу жүйелеріне көшірілді, жалпы ақпараттық кеңістікті құру үшін мәліметтер және банктер базасы құрылуда. Қазіргі таңда жергілікті атқарушы органдардың шамамен 92,5% компьютерлік техникамен жабдықтанған, соның ішінде департаменттер мен басқармалардың 100% локальды есептеу жүйесімен жабдықтанған. Аудан әкімдіктерінің компьютерлік техникамен жабдықтануы 99,6 % құрайды, локальды жүйелер барлық аудандық әкімшіліктерде бар.

Соңғы төрт жылда мемлекеттік департаменттер мен облыстық басқармаларда, облыстық аудан әкімшілік аппараттарында компьютерлік парктің санының өсімі байқалып отыр. 2004 жылмен салыстырғанда, 2007 жылы компьютерлер саны орташа есеппен 2 есе, ал принтерлер – 1,9 есе артып отыр (1, 2 суреттер), бұл жергілікті атқарушы органдардың «электронды үкімет» инфрақұрылымының компоненттерін енгізуге дайын екенін көрсетіп отыр.

Жалпы жергілікті атқарушы органдардың компьютерлік техникамен жабдыкталуының сапасын жақсы деуге болады. Қалалық телефон номерлерімен жергілікті атқарушы органдардың шамамен 90 % қамтылған. Облыстық әкімдік аппараты және басқа да мемлекеттік мекемелердің өзінің ішкі шағын автоматтандырылған технологиялық жүйесі (АТЖ) бар.



2-сурет 2004-2007 жж. Батыс Қазақстан облысының аудан әкімдік аппаратының компьютерлік техникамен жабдыкталу динамикасы

Жергілікті атқарушы органдардың ақпаратты компьютерлік өндеу дәрежесі салыстырмалы орташа. 60 % жуық қызметкерлер компьютерді орташа қолданушы ретінде, 10 % білімді қолданушы ретінде, компьютерде төмен дәрежеде жұмыс жасай алатындар 27 % және компьютерді мүлдем білмейтіндер 3% құрап отыр [1].

Батыс Қазақстан облысының құрылымдық бөлімшелерін бір жүйеге біріктіру үшін мәліметтерді берудің корпоративті жүйесі ұйымдастырылған. Ол қаланың кез келген нүктесінен (қалаға 60 шақырым жерге дейін) қосылуға мүмкіндік береді.

Бұл жүйеге локальды есептеу жүйесі бар облыс әкімшілігі, облыстық мәслихат және облыстық департаменттер мен басқармалар қосылған. Объектілер арасында RedLine және Wi-Fi протоколы бойынша жекеленген желі бойынша байланыс қамтамасыз етіледі, сол арқылы мемлекеттік департаменттер мен басқармалардың байланысына ықпал етеді. 2006 жылы облыстық департаменттерде және әкімдікте лицензионды бағдарлама жүйесімен 22 сервер қалаптастырылды. 2007 жылы аудандық әкімдіктер және Орал қаласы әкімшілігі корпоративті мәліметтер беру жүйесіне қосылу

аяқталды, осының негізінде Батыс Қазақстан облысында ортақ телекоммуникационды инфрақұрылымды жасау кезеңі аяқталады. Серверлерде вирустар мен хакерлер тарапынан бұзудан қорғайтын қауіпсіздік жүйесі қалыптастырылған.

Облыс әкімдігіде 4 сервер қалыптастырылған:

- жүйелік қауіпсіздік сервері;
- DNS және доменді контроллер сервері;
- резервті сервер;
- облыстық әкімдіктің Lotus сервері.

Бүгінгі таңда локальды-есептеу жүйесі облыстық әкімдікте, мәслихатта, мемлекеттік департаменттер мен басқармаларда, аудандық әкімдіктерде және Орал қаласының әкімшілігінде қосылған. Ішкі нормативті құжат ретінде резервті көшірмелерді құру регламенті расталған. Мемлекеттік мекемелер арасында RedLine құрылғысы және Wi-Fi технологиясы көмегімен мәліметтерді берудің корпоративті жүйесі ұйымдастырылған.

Мәліметтерді берудің жүйесі мәліметтерді шифрлеу жүйесімен камтамасыз етілген. Мәліметтерді беру жүйесі ҚР ақпараттандыру және байланыс агенттігінен алынған 5775-5795 МГц жекеленген желіде жүзеге асады. «Ақпараттық жүйелер және технологиялар» МҚК мәліметтерді беру жүйесінің жағдайын қадағалау үшін Red Access 2.0 бағдарламасы қосылған. Мәліметтерді берудің желісі орталықтан басқарылады. Ол Орал қаласының Достық-Дружба даңғылы 186 мекен-жайында орналасқан. Достық даңғылы 186 және Достық даңғылы 179 орталықтарда Интернет жүйесі арқылы қаланың бас көшелерінің жағдайын қадағалау үшін үш Web-камера орнатылған. Бейнекамераларның көру бұрышы – 270 градус [2].

Мәліметтерді берудің корпоративтік желісі жоғарыда аталған мемлекеттік органдарды біріктірді және электронды құжат айналымына әсерін тигізді, сәйкесті ақпараттық ресурстарға қол жетуге және мәліметтерді беру тәртібінде, электронды пошта арқылы ақпарат айырбасын камтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл тиесілі ақпараттық трафикті жергіліктендіруге мүмкіндік берді және Батыс Қазақстан облысының тыс аудандарымен ақпарат алмасудың жылдамдығының тиімділігін жоғарылатты. Мәліметтерді берудің корпоративтік желісі ақпараттың жоғары қауіпсіздігін камтамасыз етеді.

Үкіметтің 14.09.2004 № 965 «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздікті қалыптастыру бойынша шаралар» қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысында үздіксіз мәліметтерді берудің корпоративтік желісін камтамасыз ету мақсатында IP VPN технологиясы бойынша резервті байланыс арналары пайда болды. Облыс әкімшілігіне қарайтын мемлекеттік мекемелер HDSL және ADSL модемдері арқылы резервті байланыс арналарына қосылған.

«2005- 2007 ж. Батыс Қазақстан облысында ортақ ақпараттық- коммуникациялық жүйені басқару» атты аймақтық бағдармасына сәйкес облыс әкімдігінің аппаратында және оның ведомстволық мемлекеттік мекемелерінде электронды құжатайналым жүйесі енгізілді, қағаздан электронды тасымалдаушыларға көшірілді. 600-ден астам қолданушылар электронды құжатайналымы жүйесі бойынша оқудан өтті. Электронды құжатайналымы жүйесі (ЭҚЖ) барлық мемлекеттік мекемелерде жұмыс жасап келеді және параллельді ЭҚЖ жаңартылулары бойынша қолданушылар оқудан өтіп тұрады. 2007 жылы аудандық әкімдіктерде және Орал қаласында электронды құжатайналым жүйесін енгізу аяқталды. Сол арқылы электронды құжатайналым әрбір мемлекеттік қызметкерге жеткізіледі [1].

Қазіргі таңда облыс әкімшілігінің аппаратында және оның құрылымдық бөлімшелерінде автономды жүйелер қолданылуда (ААЖ – автоматтандырылған ақпараттық жүйе немесе АЖО – автоматтандырылған жұмыс орны), олардың негізгі

мақсаты – мәліметтерді өңдеудің жекеленген технологиялық звеноларын автоматизацияландыру.

Батыс Қазақстан облысында инвестициялық жобаларды талдап, олардың пайдасын анықтауға мүмкіндік беретін, аудандар, ауылдар, территориялық объектілер туралы жинақталған ақпарат беретін «Батыс Қазақстан облысында әлеуметтік-экономикалық дамудың Электронды мастер-жоспары» бағдарламасы жасалды. Қазіргі уақытта мастер- жоспарға барлық ауданның тұрғылықты жерлері туралы және 2005-2007 жж арналған бағдарламаның мәліметтері енгізілген. Уақыт шектеулілігіне байланысты жобалардың генерация модульдері жасалмады. Осы модульді құрудан басқа инвестициялық жобаларды бағалаудың неғұрлым тиімді әдістемесін құру қажет.

«Батыс Қазақстан облысының электронды-ақпараттық картасы» тұрғылықты пункттерді, олардың территориялық объектілерін, оларға қолданылатын инвестициялық жобаларды визуалды түрде қарауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталып кеткен ақпараттық жүйелер ішкі қажеттілік дәрежесіне сәйкес пайда болды және әр түрлі мәліметтер базасын басқару жүйесінде жазылған. (МББЖ).

«Ақпараттық жүйелер және технологиялар» МҚК жүзеге асқан жобалар қысқа уақытқа жасалғандықтан, алғашқы ақпараттың қоймасы тек ең негізгі ақпараттық жүйелерге құрылған болатын. Оның базасында аймақтың нақты кезеңге жасалған әлеуметтік- экономикалық дамудың барлық негізгі міндеттерін шешетін өзара байланысты автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің интегралданған кешені құрыла алады.

Жергілікті атқарушы органдардың мәліметтер базасынан басқа Internet желісінде ресми Web-сервер қызмет жасайды.(www.western.kz) Онда облыс туралы жалпы мәлімет, шаруашылық салалар, тарих, облыс картасы, фотоальбом т.б. ақпарат бар. Көлемі бойынша берілген сервер шағын Web-сайтқа сәйкес келеді. Қазіргі таңда Web-сайтты дамыту ,ондағы ақпараттың қорын кеңейту, оның дизайнын ауыстыру туралы сұрақтар шешілуде.

2007 жылы аудандық әкімдіктерді мәліметтерді берудің ортақ желісіне қосу аяқталды. Ол өзара байланысты облыстық (қалалық және аудандық деңгейдегі), республикалық және сыртқы телекоммуникациялық және ақпараттық жүйелерге шыға алатын, өзінің абоненттеріне облыстың барлық территориясы бойынша толық ақпараттық қызметтерді көрсете алатын, аудандық әкімдіктерге электронды құжатайналымды енгізетін, халықаралық байланыс пен транспорттық шығындарды төмендететін, телекоммуникациялық инфрақұрылымды құруға мүмкіндік береді. Бұл шешімді қабылдау үшін ақпараттың берілу уақытын азайтады. Сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлерінің жұмысына және электронды құжатайналымы жүйесіне сертифицирленген электронды сандық жазбаны енгізу жоспарланып отыр. Үнемі көп өлшемді талдаулар жүргізу үшін қосымша құжаттарды енгізу, көрсеткіштер жүйесін, формаларды енгізу арқылы «Region.net» мәліметтер базасына әлеуметтік-экономикалық дамуды кеңейту жүзеге асырылып отыр. 2007 жылы «Биллинг орталығы» жүйесін құру жүзеге асты. Сондай-ақ «Электронды мәслихат» жобасын дамыту жүзеге асырылуда: «Батыс Қазақстан облысында электронды мәслихат» порталы қосылып, тәжірибеден өтті, Орал қаласында және Батыс Қазақстан облысының 4 тұрғылықты аудандарда қоғамдық электронды қабылдау бөлімдері (ЭҚБ) ашылды. Сондай-ақ Интернет жүйесіне қолжетімділікті қалыптастыратын, облыстық Мәслихаттың Web-порталына жол ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Облыстық мәслихаттың Web-порталының қызметтерін ЭҚБ орындарында да тиімді жұмыс жасау үшін интеграциялау жоспарлануда.

Қазіргі таңда «Қоғамдық қолжетімділік пунктін желісін ұйымдастыру» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және байланыс агенттігінен 43 инфокиоск алынды. Олардың барлығы Орал қаласының ішінде және

аудандарға таралған. Инфокиосктер халықты электронды порталға және Батыс Қазақстан облысының ресми сайтына қосылуға арналған.

2007-2009 жж арналған «Ақпараттық жүйелер және технологиялар» МҚК базасында жасалған ақпараттық теңсіздікті жою бойынша мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Батыс Қазақстан облысында бюджет саласында жұмыс жасайтын қызметкерлердің компьютерік сауаттылығын ашу мақсатында арнайы оқыту класстары ұйымдастырылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және байланыс агенттігінен 264 компьютер алынды. Олар оқу класстарын ұйымдастыру үшін облыс аудандарына таратылды. Жаз кезінде Батыс Қазақстан облысында перзентхана қызметкерлері, бюджет және бюджеттік емес сала қызметкерлері категориясы бойынша 7362 жуық адам оқытылды.

Батыс Қазақстан облысының ақпараттандару жағдайын бағалай отырып, облыста ортақ ақпараттық- телекоммуникациялық кеңістікті құру және «электронды үкіметтің» компоненттерін қалыптастыру бойынша шаралар жүзеге асырылып жатырғанын атап өткен жөн. Бірақ та «Электронды үкімет» жұмысының тиімділігін жоғарылату үшін және оның мемлекеттік органдардың жұмысына болашақта компоненттерін енгізу үшін, сондай-ақ халыққа неғұрлым маңызды мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін облысты ақпараттандырудың келесі деңгейіне көшу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан Республикасының 2005-2007 ж.ж. арналған «электронды үкіметті» қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы». Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғысы. – 10 қараша, 2004жыл – № 1471.
2. «Региональная Программа развития единой информационно-коммуникационной системы управления Западно-Казахстанской области на 2008-2010 годы», Уральск, Аппарат акима Западно-Казахстанской области, ГКП «Центр информационных систем и технологий» акимата Западно-Казахстанской области, 2007г.